

**Қарызды ерікті сақтандыру бойынша қорытындыны қалыптастыру үшін  
Клиенттен сұратылатын қажетті құжаттардың тізбесі**

№ р/с	Атауы	Ескертпе
1	Сақтандыруға өтініш*	көшірме**
2	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің құрылтай құжаттары	көшірме**
3	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгерді мемлекеттік тіркеу туралы анықтама	электрондық құжат
4	Жобаның толық сипаттамасымен, қаржыландырудың нысаналы мақсатымен, экспорттық қызметті растаумен, маркетингтік саясатпен және басқа да қажетті ақпаратпен бизнес-жоспар/техникалық-экономикалық негіздеме	көшірме**
5	Міндеттемелерді сақтандыру кезеңіндегі пайда мен залал туралы болжамды есеп	көшірме**
6	Excel форматындағы міндеттемелерді сақтандыру кезеңіне арналған ақша қаражаты қозғалысының болжамды моделі ( <i>тікелей әдіспен</i> ) (300 млн. теңгеден астам), клиент ұсынған қаржылық модельді құрудың алғышарттарымен. Егер сақтанушының қызмет түрі майлы дақылдарды қайта өңдеу қызметіне, мал шаруашылығы кәсіпорындарының қызметіне, құс шаруашылығы кәсіпорындарының қызметіне, автомобиль өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметіне сәйкес келсе, алғышарттар 5-9.1-5.9.4 қосымшаларының шаблондарына сәйкес ұсынылады	көшірме**
7	Соңғы үш кезеңдегі қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу туралы есеп (тауарлардың/ көрсетілетін қызметтердің, контрагенттердің, елдердің атауы бөлінісінде) не Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің аудиттелген қаржылық есептілігі соңғы екі аяқталған кезеңде (бар болса)	көшірме**
8	Соңғы екі есепті кезеңдегі бекітілген нысанға сәйкес бухгалтерлік баланстың барлық баптарына, қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің кірістері мен шығыстары туралы есепке толық жазылуы	көшірме**
9	Соңғы үш кезеңдегі негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық ведомостары	көшірме**
10	Штат кестесі	көшірме**
11	Салық органының қабылдағаны туралы хабарламалары бар соңғы үш жылдағы салық декларациясы (100, 200-нысан)	электрондық құжат
12	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің шот карточкалары 1010, 1030, 6010, 7010, 7210, 7110 соңғы үш кезеңде	көшірме**
13	Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің, өзге де ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтердің, соңғы үш кезеңде алынған және берілген аванстардың баптары бойынша қарыз	көшірме**

	алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің айналым-сальдо ведомостары	
14	Соңғы есепті кезеңдегі ірі дебиторлар/кредиторлар бойынша (соңғы есепті күнге дебиторлық/кредиторлық берешектің 10% және одан көп үлесі бар) өзара есеп айырысуларды салыстыру актілері (бар болса)	көшірме**
15	Өндірілетін өнімнің негізгі номенклатуралық позицияларының өзіндік құнының калькуляциясы (бар болса)	электрондық құжат
16	Негізгі өндірістік көрсеткіштер, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: өндірістік қуаттар, соңғы үш кезеңдегі қолданыстағы өндірістік қуаттарды жүктеу, соңғы үш кезеңдегі ақшалай және заттай мәндегі өндіріс көлемі (бизнес-жоспарда бұл ақпарат болмаған кезде)	көшірме**
17	Бекітілген нысанға сәйкес байланысты компаниялар туралы ақпарат	көшірме**
18	Бекітілген нысанға сәйкес экспорт/экспортқа әсер көрсеткіштері (соңғы үш кезеңдегі экспорттық түсім болған жағдайда)	көшірме**
19	Бекітілген нысанға сәйкес қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің жеткізушілерімен/сатып алушыларымен қолданыстағы шарттардың тізілімі	көшірме**/ электрондық құжат
20	Сатып алуға және сатуға арналған қолданыстағы шарттар (бар болса)	көшірме**
21	Экспорттық келісімшарт (тар) және/немесе барлық толықтырулармен ниет шарты, соңғы есепті кезеңге арналған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (бар болса)	көшірме**
22	Экологиялық сараптаманың қорытындысы (бар болса)	көшірме**
23	ISO сапа менеджменті сертификаты (бар болса)	көшірме**
24	ҚМЖ-ға рұқсат беру құжаттары, лицензияланатын қызмет түрлері (бар болса)	көшірме**/ электрондық құжат
25	Құрылысқа және жөндеуге инвестициялар кезінде: шарттар, уәкілетті органның рұқсат беру құжаттары, материалдар мен қызметтердің, жұмыстың құны бойынша орналастырылған смета	көшірме**
26	Жабдықты жаңғыртуға/көлік құралдарын/техниканы сатып алуға инвестициялар кезінде: жабдықты/көлік құралдарын/техниканы жеткізуге арналған шарттардың көшірмелері және/немесе коммерциялық ұсыныстар	көшірме**
27	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің/ заңды тұлғалардың/байланысты тұлғалардың ағындары болған кезде кредиттік бюро есебі	электрондық құжат
28	Кредиттік ұйымның шешімі / индикативті шешім	көшірме**
29	Барлық қосымшалары мен толықтырулары бар кредиттік шарт (тар), өтеу кестелері бар қолданыстағы қарыз шарттары (қолданыстағы міндеттемелер болған кезде)	көшірме**
30	Кепіл шарты (-тары), барлық қосымшалары мен толықтырулары бар кепілдік/кепіл шарты (-тары) (қолданыстағы міндеттемелер болған кезде)	көшірме**
31	Кепілмен қамтамасыз ету бойынша ҰОК есептері	көшірме**
32	Экспортталатын өнімді өндірушінің экспорттаушыны қолдау туралы өтініші (бар болса)	көшірме**

*\* Егер өтініш Simbase арқылы жіберілсе, онда ЭЦҚ көмегімен қол қойылған электрондық өтініш қана пайдаланылады.*

*\*\* Компанияның уәкілетті тұлғасы қол қойған және мөрмен расталған құжаттардың түпнұсқаларынан сканерленген көшірмелер.*

*Қажет болған жағдайда Сақтандырушыдан осы тізбеде көрсетілмеген қосымша құжаттар және (немесе) Құпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қою сұратылуы мүмкін.*